



## **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**Халықаралық Қаржылық Есептіліктің  
Стандарттарына сәйкес қаржылық есеп және  
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

**2017 жылдың 31 желтоқсаны  
(орыс тілінен аударылған)**

## **Мазмұны**

### **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ**

#### **ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Қаржы жағдайы туралы есеп .....	1
Пайда мен шығын және өзге жиынтық табыс туралы есеп .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп .....	3
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп.....	4

Қаржылық есептілікке ескертпелер

1 Кіріспе .....	5
2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта.....	5
3 Есеп саясаттари қағидаттарын қысқаша мазмұндау .....	6
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау және кәсіби пікірлер .....	14
5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірүлере қоюшы .....	17
6 Жаңа есеп қағидалары.....	17
7 Ақшалай қаражат және оның баламалары .....	22
8 Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар .....	23
9 Қаржы мекемелеріндегі қаражат.....	24
10 Клиенттерге несиелер мен алғытөлемдер.....	27
11 Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар .....	33
12 Негізгі құралдар.....	34
13 Өзге активтер .....	35
14 Қарыз қаражаттары.....	36
15 Субсидиялар бағдарламалары бойынша міндеттемелер .....	36
16 Болашақ кезеңдердің кірістері және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв .....	37
17 Өзге міндеттемелер .....	38
18 Акционерлік капитал .....	38
19 Пайыздық кірістер мен шығыстар .....	39
20 Комиссиялық кірістер .....	40
21 Тұынды қаражаттармен операциялардан шегерістен шығындар .....	40
22 Шетелдік валютаны қайта бағалаудан шығындарды шегерістен кірістер .....	40
23 Қаржы қаражаттарын нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша алғашқы тану кезінде тұындастын таза залал.....	41
24 Таза өзге де операциялық кірістер .....	41
25 Жалпы және әкімшілік шығындар .....	41
26 Пайдаға салынатын салық .....	42
27 Қаржы тәуекелдерін басқару.....	44
28 Шартты және келісімді міндеттемелер .....	54
29 Тұынды қаржы құралдары .....	56
30 Өділ құн туралы ақпаратты ашу .....	57
31 Қаржы құралдарын бағалау санаты бойынша ұсыну .....	61
32 Байланысты тараптармен операциялар .....	63
33 Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі жағдай .....	64

## Тәуелсіз аудитордың есебі

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционері мен Директорлар Кеңесіне

### Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (әрі қарай – «Қор») 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, барлық елеулі қатынастарында, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен аталған күнде аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (ХКЕС) сәйкес шынайы көрсетеді.

### Аудит мәні

Қордың қаржылық есептілігі келесіні қамтиды:

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы есеп;
- аталған жылда аяқталған бір жылдық пайда мен шығын және өзге жиынтық табыс туралы есеп;
- аталған жылда аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- аталған жылда аяқталған ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп; және
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілікке ескертулер.

### Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сай жүргіздік (ХАС). Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы есептің «Аудитордың қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» белімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

### Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттар кеңесінің (ХБЭСК кодексі) кәсіби бухгалтерлер этика Кодексіне сәйкес Қорға қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз ХБЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындаадық.

### Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті құруға және ХКЕС-на сәйкес шынайы беруге және қаржылық есептілікті құруға қажетті деп танылатын ішкі бақылауға, салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан бой ұратын кемшіліктері жоқ қаржылық есептілікті беруге жауапты.

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (жалғасы)

2 – бет

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалауды, үздіксіз қызметтің қатысты тиісті ақпаратты жариялады және, қаржылық есептілікті құруға жөне бухгалтерлік есептің негізі ретінде үздіксіздік қағидатын қолдану, әйтпесе Қор өз қызметін тоқтатуға ииеттенген жағдайды, қызметті жою мен тоқтатудан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда жариялады.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар осы қаржылық есептілікті дайындау үрдісін құдағалауға жауапты болып табылады.


### *Аудитордың, қаржылық есептіліктің аудитін откізу жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой үратын небір елеулі жалғандықтың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділік болып табылады, бірақ ХАС жүргізілген аудит әрқашан сәйкес елеулі бүрмалануды анықтайдынына кепілдік бермейді. Бүрмаланулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржылық есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер ететін жағдайда елеулі деп есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бүрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; біз осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүзеге асырамыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бүрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып оту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- пайдаланылатын есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік негізінде қызмет үздіксіздігі принципін қолдану заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, және алынған аудиторлық дәлелдер негізінде - айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі белгісіздік пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржылық есептіліктегі тиісті ақпаратты ашып біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертулерді. Біздің нәтижелер аудиторлық есептің шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін.



**PwC**

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (жалғасы)

3 – бет

- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуының, оның құрылымы мен мазмұнының, ақпаратты ашуды сонымен қатар, қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаيمыз;

Біз, корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға жоспарланған аудиттің ауқымы мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қортындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

*PricewaterhouseCoopers LLP*

2018 жыл 28 ақпан

Алматы, Қазақстан

Бекітілді:



Дана Ілқәрбекова

Басқарушы директор  
ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс»

(Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің бас  
Мемлекеттік лицензиясы,  
1999 жылғы 21 қазан №0000005)

Қол қойылды:



Айгүл Ахметова

Аудит тапсырмасының басқарушысы

Орындаушы аудитор


(2012 жылғы 27 тамыздағы №00000083  
аудиторлық біліктілік куәлігі)

**«Даму» кәсіпкерлікі дамыту қоры» АҚ  
Қаржы жағдайы туралы есеп**

(қазақстандық мың теңгеде)	Ескерт пе	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсаны
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақшалай қаражаттары және олардың баламалары	7	44,074,930	44,027,014
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	8	2,659,323	6,069,581
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	9	225,578,278	242,464,446
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		34,550	43,508
Клиенттерге несиелер мен алғытөлем	10	3,324,539	76,141
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	11	567,017	556,791
Негізгі құралдар	12	2,497,187	2,739,107
Материалдық емес активтер		292,674	308,797
Пайдаға салық бойынша ағымдағы міндеттемелердің алдын-ала төлемі		13,721,713	11,054,657
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		1,360,967	-
Әзге активтер	13	25,801,698	42,094,226
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>319,912,876</b>	<b>349,434,268</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Қарыз қаражаттары	14	203,002,903	223,869,751
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	15	3,177,338	14,341,822
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	26	6,065,416	5,412,132
Болашақ кезеңдердің кірістері және несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв	16	5,263,531	5,263,218
Әзге міндеттемелер	17	1,255,534	1,842,566
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>218,764,722</b>	<b>250,729,489</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	18	72,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал		834,527	834,527
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау резерві		70,337	61,588
Әзге резервтер		316,430	316,430
Бөлінбекен пайда		27,006,587	24,571,961
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>101,148,154</b>	<b>98,704,779</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>319,912,876</b>	<b>349,434,268</b>

Шығаруға бекітілген және Басқарма атынан 2018 жылдың 28 актапанда қол қойылды.

Абай Сарқылов мырза  
Басқарма Төрағасы



Айгүл Құсайынова ханым  
Бас есепші

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Пайда мен шығын және өзге жиынтық табыс туралы есеп**

(қазақстандық мың тәңгеде)	Ескертпе	2017 ж.	2016 ж.
Пайыздық кірістер	19	34,796,892	35,545,591
Пайыздық шығындар	19	(7,629,888)	(8,772,625)
<b>Таза пайыздық кірістер</b>		<b>27,167,004</b>	<b>26,772,966</b>
Клиенттерге берілетін несиелер мен қаржы мекемелеріндегі қаражаттың құнсыздану резервіне аударымдар	9,10	(6,882,412)	(11,991,580)
<b>Несиелік портфельдің құнсыздандыру резервін құрганнан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>		<b>20,284,592</b>	<b>14,781,386</b>
Комиссиялық кірістер	20	4,158,138	2,784,928
Қаржы туынды құрапдарымен операциялардан түсетін кірістерді шегергендеңі шығындар	21	(12,492,609)	(7,776,854)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан болған шығынды шегергендеңі кірістер		292,507	343,775
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығындарды шегергендеңі кірістер		17,032	(57,851)
Шетел валютасын қайта бағалаудан түсетін шығындарды шегергендеңі кірістер	22	2,140,311	2,092,262
Қаржы құралдарын нарықтан төмөн мәлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде пайда болатын таза шығын	23	(4,278,421)	-
Өзге активтердің құнсыздануына резерв	13	(34,850)	(5,103)
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру	28	207,212	283,234
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың құнсыздану резервін қалпына келтіру		-	103,797
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздардың құнсыздану резервін қалпына келтіру		183,337	-
Өзге операциялық кірістер	24	40,818	51,657
Жалпы және өкімшілік шығындар	25	(5,311,830)	(5,157,061)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>		<b>5,206,237</b>	<b>7,444,170</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	26	(1,093,393)	(1,850,874)
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>4,112,844</b>	<b>5,593,296</b>
<b>Өзге жиынтық кіріс/(шығын):</b>			
Кейіннен пайда немесе шығындардың құрамына қайта жіктелуі мүмкін балтар:			
Сатуға арналған қолда бар инвестициялар:			
- Жыл ішіндеңі шығындарды шегергендеңі табыстар		8,749	42,166
- Шығу немесе құнсыздану нәтижесінде кірістерге немесе шығындарға аударылған табыстарды шегергендеңі шығындар		-	(103,797)
<b>Жыл ішіндеңі өзге жиынтық кіріс/(шығын)</b>		<b>8,749</b>	<b>(61,631)</b>
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>4,121,593</b>	<b>5,531,665</b>

Екі кезең ішіндеңі пайда мен жиынтық кірістің жалпы сомасы толықтай Қордың акционеріне тиесілі.

**«Даму» кәсіпкерлікіті дамыту қоры» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестиция лық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге резервтер	Бөлінбекен пайда	Жиыны
(қазақстандық мың теңгеде)					
<b>2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>72,920,273</b>	<b>834,527</b>	<b>123,219</b>	<b>316,430</b>	<b>20,978,740 95,173,189</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	5,593,296 5,593,296
Өзге жиынтық шығындар	-	-	(61,631)	-	- (61,631)
Жыл ішіндегі жиынтық шығындар/кірістер жиынтық	-	-	(61,631)	-	5,593,296 5,531,665
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(2,000,075) (2,000,075)
<b>2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>72,920,273</b>	<b>834,527</b>	<b>61,588</b>	<b>316,430</b>	<b>24,571,961 98,704,779</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	4,112,844 4,112,844
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	8,749	-	- 8,749
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиынтық	-	-	8,749	-	4,112,844 4,121,593
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(1,678,218) (1,678,218)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанындағы қалдық</b>	<b>72,920,273</b>	<b>834,527</b>	<b>70,337</b>	<b>316,430</b>	<b>27,006,587 101,148,154</b>

**«Даму» кәсіпкерлікіті дамыту қоры» АҚ  
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп**

(қазақстандық мың теңгеде)	2017 ж.	2016 ж.
<b>Операциялық қызметтөн ақшалай қаражаттардың қозғалысы:</b>		
Алынған пайыздар	13,855,520	21,318,878
Төленген пайыздар	(3,383,249)	(4,268,908)
Алынған комиссиялар	3,941,384	4,199,835
Қаржылық туынды құралдарымен операциялар бойынша алынған кірістер	4,702,293	-
Өзге операциялық қызметтөн түсімдер	894,000	91,867
Еңбекақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(1,876,279)	(1,774,666)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген	(4,012,811)	(4,865,365)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтөн алынатын ақшалай қаражаттар</b>	<b>14,120,858</b>	<b>14,701,641</b>
<i>Таза төмендеу/(ұлғаю):</i>		
- пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздар	3,808,000	779,741
- қаржы мекемелеріндегі қаражат	6,854,215	10,405,411
- клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер бойынша	8,618,886	493,822
- өзге активтер бойынша	(2,820,108)	(1,464,409)
<i>Таза төмендеу/(ұлғаю):</i>		
- өзге қаржы міндеттемелер бойынша	(10,531,427)	(918,826)
- өзге міндеттемелер	(154,785)	138,404
<b>Операциялық қызметтөн алынған таза ақшалай қаражат</b>	<b>19,895,639</b>	<b>24,135,784</b>
<b>Инвестициялық қызметтөн ақшалай қаражаттар</b>		
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсімдер	-	2,000,000
Herізгі құралдарды сатып алу	(64,372)	(156,102)
Herізгі құралдарды шыгарылуынан түскен түсімдер	1,499	425,233
Материалдық емес активтерді сатып алу	(97,363)	(130,432)
<b>Инвестициялық қызметтөн алынған/(пайдаланған) таза ақшалай қаражаттар</b>	<b>(160,236)</b>	<b>2,138,699</b>
<b>Қаржылық қызметтөн түскен ақшалай қаражаттар</b>		
Қарыз қаражатын алу	28,969,693	9,300,000
Қарыз қаражатын өтеу	(51,909,898)	(22,777,233)
Төленген дивидендтер	(1,678,218)	(2,000,075)
<b>Қаржылық қызметтөн пайдаланылған таза ақшалай қаражат</b>	<b>(24,618,423)</b>	<b>(15,477,308)</b>
<b>Айырбастау бағамының өзгеруінің ақшалай қаражатқа әсер етуі және олардың баламалары</b>	<b>4,930,936</b>	<b>(23,147)</b>
<b>Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының таза арты</b>	<b>47,916</b>	<b>10,774,028</b>
<b>Кезең басындағы ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары</b>	<b>44,027,014</b>	<b>33,252,986</b>
<b>Кезең соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары</b>	<b>44,074,930</b>	<b>44,027,014</b>

\* 2017 жылғы 1 қантарда қарыз қаражаттардың қалдығы 223,869,751 мың теңгеге құрады. Ақшалай қаражаттарының қозғалысы 2017 жылы 22,940,206 мың теңгеге құрады. Ақшалай емес балтар бойынша қозғалыс 2,073,357 мың теңге мелшерінде алынған қарыздардың әділ құнының өзгеруін білдіреді. 2017 жылғы 31 желтоқсанда қарыз қаражатының қалдығы 203,002,903 мың теңгеге құрады.

## **1 Кіріспе**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қауысына сәйкес құрылған. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау бойынша даму институты ретінде қаржы қызметтерін ұсынатын акционерлік қоғам ретінде тіркелген және өз қызметін жүзеге асырады.

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» үлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі «Бас компания» немесе «Жалғыз акционер») болып табылады. Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Тараптармен жасалатын операциялар туралы ақпарат 32 Ескертпеде ашып көрсетілген.

**Негізгі қызмет.** Қордың негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын және шағын қаржы үйімдарын несиелендіру болып табылады. Бұл ретте түпкілікті қарыз алушылар несиесі бойынша несиелік тәуекел коммерциялық банктерге аударылады. Қор Қазақстан аумағындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қаржыландыру үшін меншікті және қарыз қаражаттарын пайдаланады.

Қордың 16 аймақтық филиалдары бар. Бас кеңсе Қазақстанда, Алматы қаласында орналасқан.

**Тіркелген мекен-жайы және қызметін жүргізу орны.** Қор келесі мекен-жай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь көш., 111.

**Есептілікті ұсыну валютасы.** Осы қаржылық есептілік, егер басқаша көрсетілмесе, қазақстандық тенгеде көрсетіледі.

## **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта**

**Қазақстан Республикасы.** Тұастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән ерекшеліктерінің кейбірін көрсетуді жалғастыруда. Ол мұнай мен газ бағасының ауытқуына әсіресе сезімталады.

Бұл ерекшеліктер, сондай-ақ, үлттық валютаның барымен шектелмesten, елден тыс жерлерде еркін айыrbastalmaғan үлттық валюта мен бағалы қағаздар нарығындағы етімділіктің төмен деңгейін қамтиды.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі тенгениң айыrbastau бағамын қолдауды тоқтату туралы және инфляциялық шектеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүргізуге, валюталық дәлізді жоюға және еркін өзгермелі айыrbas бағамына көшүге тыйым салыну туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, 2015 жылдың тамыз айында - 2017 жылғы желтоқсанда тенгениң айыrbastau бағамы 1 АҚШ доллары үшін 187-ден 334 теңге аралығында өзгерді. Осылайша, тенгениң айыrbastau бағамы мен Ұлттық Банктың және Үкіметтің болашақ іс-әрекеттеріне қатысты, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсері туралы белгісіздік бар.

2016 жылдың қантар айының ортасында Standard & Poor халықаралық рейтинг агенттігі 2016-2019 жж. аралығында мұнай бағасына қатысты өзінің болжамын едәуір қысқартты.

Сәйкесінше, 2016 жылдың ақпанында Standard & Poor үлттық және шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді несие рейтингіn BBB + -дан BBB-ға дейін төмендедті. Бұган қоса, S&P сол кезеңдегі үлттық және шетел валютасындағы міндеттемелер бойынша «A-2» -дан «A-3» -ке дейін, сондай-ақ «kzAA+» -нан «kzAA» -ге үлттық шкала бойынша рейтингтерді төмендедті.

2017 жылдың қазан айында S&P «BBB/A-3» деңгейінде Қазақстанның несие рейтингін раставды, бірақ болжамды жағымсыздан тұрақтыға дейін жақсартты. Атап айтқанда, рейтинг бойынша жағымды жаққа болжамды қайта шолуға бірқатар факторлар әсер етті. Олардың ішінде 2015 жылдың аяғында 70% -бен салыстырғанда 2017 жылғы шілдеде 48% дейін резиденттер депозиттерін долларландырудың күрт төмендеуіне байланысты болған ақша-несие саясатының тиімділігі артты. Сонымен қатар, агенттіктің бағалуы бойынша, Қазақстан 2017 жылғы ЖІӨ-ға 17% -ға жуық төмен деңгейлі қарыздық жүктемемен таза несие беруші жайғасымын сақтап қалды. Мұның бәрі Ұлттық қордың айтарлықтай көлемі - 2017 жылдың сонына қарай ЖІӨ-ға 40% -ын ескере отырып, болашақта қосымша қарыз алу жоғары қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Талдаушылар экономиканың өсуі мемлекеттік инвестициялармен қолдау көрсетілеттінін, мұнай өндірісінің арту және мұнай бағасының өсу шамасы бойынша экспорттың үлғаюын күтеді, бұл көбінесе 2016 жылдың сонынан ОПЕК елдерімен мұнай өндіру көлемінің қысқартуына негізделген.

## **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)**

Қаржы нарықтары бұрынғыша тұрақтылықтың жоқтығымен, бағалардың жиі және едәүір өзгерулерімен және сауда операциялары бойынша спредтердің үлғаюымен сипатталуда. Мұндай экономикалық орта Қордың қызметіне және қаржылық жағдайына елеулі әсерін тигізуде. Басшылық Қордың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолға алуда. Әйтсе де, ағымдағы экономикалық жағдайдың келешектік салдарын болжай қыын және басшылықтың ағымдағы күткені мен бағалаулары іс жүзіндегі нәтижелерден өзгешеленуі мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің әсеріне ұшырағыш болып қалуда. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының келешегі көбінесе Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушылық және саяси жүйелердің дамуына, яғни Қордың бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Басшылық бухгалтерлік есептің қолданылатын талаптарына сәйкес «жұмсалған шығын үлгілерінің» пайдаланылуымен несиелердің құнсыздандыруына арналған резервтердің деңгейін анықтады. Бұл стандарттар өткен үақиғалардың нәтижесінде туындастырылған құнсыздандыруын шығындардың мойындалуын талап етеді және осындағы үақиғалардың орын алуының ықтималдық деңгейіне қарамастан экономикалық ортаның келешектік өзгерістерін қоса алғанда келешектік үақиғалардың нәтижесінде туындауды мүмкін құнсыздандыруын шығындардың мойындалуына тығым салады. Осылайша, қаржы активтерінің құнсыздандыруынан ақырғы шығындар резервтердің ағымдағы деңгейінен едәүір өзгешеленуі мүмкін. 4 Ескертпені қараңыз.

Басшылықтың қаржылық секторды және жалпы экономиканы дамытуға әсер етулері мүмкін барлық беталыстарды, сондай-ақ олардың Қордың болашақтағы қаржылық жағдайына қандай әсер етуі мүмкін екендігін (мұндай болған жағдайда) болжайға мүмкіндігі жоқ. Басшылық Қор қызметінің дамуына және тұрақтылығына қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтындығын болжайды.

## **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау**

**Есептілікті дайындаудың негіздері.** Берілген қаржылық есеп Халықаралық қаржы есептеме стандарттарына («ХКЕС») сәйкес, бастапқы құны бойынша есепке алу ережелерінің және әділ бағасы бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындауға түзетумен және сатуға арналған қолда бар пайда немесе шығын арқылы әділ бағасы бойынша бағаланатын қаржы құралдары мен қаржылық активтерді қайта бағалау негізінде дайындалған. Берілген қаржылық есепті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары төменде берілген. Берілген қағидаттар есептемеде берілген барлық кезеңдерге қатысты реттілікпен қолданылған, егер басқа көрсетілмеген болса (5 ескертпені қараңыз).

**Қаржы құралдары - бағалауға негізгі тәсілдері.** Қаржы құралдары әділ құны немесе амортизацияланған құны бойынша олардың жіктелімдеріне тәуелді көрсетіледі. Төменде бұл бағалау әдістерін сипаттау ұсынылған.

Әділ құн - бұл активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе бағалау құніне нарықтың қатысуышыларының арасында ерікті негізде операцияларды жүргізу кезінде міндеттемелерді табыстау кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең жақсы растамасы белсенді нарықтағы белгіленетін баға болып табылады. Белсенді нарық - бұл тұрақты негізде бағалаулар туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін активтермен немесе міндеттемелермен операциялар жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта айналыста болатын қаржы құралдарының әділ құны жеке активке немесе міндеттемеге, кәсіпорынмен ұсталатын олардың санына белгіленетін бағаны көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Исті тілті, егер нарықтың жай тәуіліктік сауда айналымын кәсіпорындағы активтер саны және кәсіпорындағы міндеттемелер өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда да жолға қоюға болады, ал жекелеген операцияларда жайғасымдарды сатуға тапсырыстарды орналастыруға белгіленген бағаға әсер етуі мүмкін. Әділ бағалы бағалау үшін сұраныс пен ұсыныс бойынша спред шегіндегі баға пайдаланылады, ол қалыптасқан жағдайдағы әділ құн үшін барынша көрнекі болып табылады және оны басшылық есепті қундегі операцияның соңғы бағасына тең деп санайды. Қаржылық активтер үшін пайдаланылған белгіленген нарықтың баға - ұсыныстың ағымдық бағасы; ал қаржылық міндеттемелер үшін пайдаланылған белгіленген нарықтың баға - ұсыныстың ағымдық бағасы.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

Қаржылық түнінде құралдардың немесе белсенді нарықта айналымға түспейтін басқа да қаржылық активтер мен міндеттемелер портфелі нақты тәуекелдіктерді қабылдау үшін таза ұзын жайғасымдарды (яғни активтерді) сату кезінде немесе ағымдық нарықтық жағдайдағы бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында еркіті негізде операцияларды жүргізу кезінде нақты тәуекелдіктерді қабылдау үшін таза қысқа жайғасымдарды (яғни міндеттемелерді) беру кезінде алынуы мүмкін баға негізінде қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер тобының әділ құны бойынша бағаланады. Бұл, егер Топ (а) кәсіпорынның нақты нарықтық тәуекелдікке (немесе тәуекелділікке) немесе тәуекелдіктерді басқару немесе оның инвестициялық стратегиясы бойынша кәсіпорынның реңми стратегиясына сәйкес нақты контрагенттің несиелік тәуекелдігіне таза бейімделу негізінде қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді басқарса, көп еселік негізде әділ құн бойынша көрсетілетін активтер үшін қолданылады; (б) аталған негізде кәсіпорынның аға басшылық құрамына қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер топтары туралы ақпарат тапсырады; және (в) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерге байланысты түндаған кәсіпорынның нақты нарықтық тәуекелдікке (немесе тәуекелдіктерге) бейімделу ұзақтығын қоса алғанда, нарықтық тәуекелдіктер маңызы бойынша мәні бірдей болып табылады.

Дисконттапған ақша ағыны, сондай-ақ нарықтық жағдайларда немесе обьектінің ағымдық құнының инвестициясына жасалатын балама операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер сияқты бағалау әдістері қаржылық құралдардың әділ құныны анықтау үшін пайдаланылады, оларда мәмілелер бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз болып келеді. Әділ бағалы бағалау нәтижелері мынадай ретпен әділ құнының иерархия деңгейі бойынша талданып, белгінеді: (i) 1-денгейге бірдей активтер мен міндеттемелер үшін белсенді нарықтағы белгіленген бағалар (түзетілмеген) жөніндегі бағалар, (ii) 2-денгейте - бағалау әдістерінің көмегімен алынғандар, олардағы маңызды бастапқы пайдаланатын мәліметтердің барлық модельдері немесе тікелей (мысалы, бағасы) немесе жанама бағалар базасына есептеген бақыланатын актив немесе міндеттемелер болып табылады (яғни, мысалы бағалар) және (iii) 3-денгей бақыланатын нарықтық мәліметтердегі міндетті емес бағалаулар болып табылады (яғни бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы мәліметтердің айтартылғай көлемі талап етіледі). Әділ баға сатыларының бір деңгейін екіншісіне көшіру есептік кезеңнің аяғында орын алды деп саналады. 30 Ескертпені қараңыз.

Мәмілелер бойынша шығындар қосымша шығындар болып табылады және тікелей қаржылық құралдарды алуға, шығаруға немесе істен шығаруға байланысты. Қосымша шығындар - бұл, егер мәміле болмаса, келтірілмейтін шығындар. Мәмілелер бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретінде қызметкерлерді қоса алғанда), консультанттарға, брокерлерге және дилерлерге төленетін сыйақыны және комиссияларды, реттеуіш органдар мен резерв биржаларына төленетін жындарды, сондай-ақ салықтар мен меншікті беру кезінде алынатын жындарды қамтиды. Мәмілелер бойынша шығындарға сыйылышқа немесе қарыздық міндеттемелер бойынша дисконттар, қаржыландыруға арналған шығындар, ішкі өкімшілік шығындар немесе сақтауға арналған шығындар кірмейді.

Амортизацияланған құн негізгі қарыз төлемін шегергендеңі, алайда есken пайыздарды қоса алғанда, ал қаржылық активтер үшін - құнсызданудан келтірілген залалдарды кез-келген есептен шығаруды шегергендеңі активтің бастапқы құнын білдіреді. Ұлғайған пайыздар мәміле бойынша шығындарды бастапқы мойындаған кезде кейінгі қалдырылған амортизация сондай-ақ кез-келген сыйақыны немесе тиімді пайыздық мәлшерлеме әдісін пайдалану арқылы өтеу сомасынан алынған дисконттарды қамтиды. Кірістің ұлғайған пайыздары және ұлғайған ірі кіріс пен амортизацияланған дисконтты немесе сыйақыны (мұндай бар болса, комиссияларды беру кезінде кейінгі шегерілгендерді) қоса алғанда, ұлғайған пайыздық кірістер мен ұлғайған пайыздық шығыстар жекелей көрсетілмейді, қаржылық ереже туралы есептің тиісті бабының тенгерімдік құнын қамтиды.

Пайыздың тиімді мәлшерлемелік әдісі - бұл құралдың тенгерімдік құнына әрбір кезеңде тұрақты пайыздық мәлшерлемені (пайыздың тиімді мәлшерлемесі) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңнің бойында пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды мойындау әдісі.

Тиімді пайыздық мәлшерлеме - қаржы құралының әрекет етуінің күтілетін мерзіміне, немесе тиісті жағдайларда, қаржы құралының таза тенгерімдік құнына дейін барынша қысқа мерзімге келешектегі есептік ақшалай төлемдер мен түсімдердің (несиелер бойынша келешек шығындарды қоспағанда) дәлме-дәл мәлшерлемесі. Тиімді пайыздық мәлшерлеме сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайызды өзгертудің келесі қуннан дейін құбылмалы мәлшерлеме арқылы құралдар бойынша ақша ағынын дисконттау үшін пайдаланылады, олар осы құралдар үшін белгіленген құбылмалы мәлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәндерге байланысты белгіленбеген басқа да ауыспалы факторлар бойынша несиелік спредті көрсетеді. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құралдардың айналымға түсудің барлық күтілетін мерзімінің бойында амортизацияланады. Келтірілген құн есебі тиімді пайыздық мәлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар, төленген немесе тараптар алған келісімшарттарды қамтиды.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

**Қаржылық құралдарды бастапқы мойындау.** Кірістер немесе шығыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын саудалық бағалы қағаздар, туынды және басқа да қаржылық құралдар бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Барлық басқа қаржылық құралдар бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ бағалы ең жақсы күеландыру мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы мойындау кезіндегі кірістер немесе шығыстар тек, егер әділ құн мен мәміле құны арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі, оған дәлелдеме сол құралдар арқылы нарықта бақыланатын басқа да ағымдық мәмілелер немесе базалық мәліметтер ретінде тек бақыланатын нарықтар мәліметтерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі бола алады.

Қаржылық активтерді сатып алу мен сату, оларды жеткізу заңнамада белгіленген мерзімде жүргізілуі тиіс немесе аталған нарық («стандартты шарттар» бойынша сатып алу және сату) үшін іскерлік айналым дәстүрі мәміле жасаған құні, яғни Қор қаржылық активті сатып алуға немесе сатуға міндеттенген құн көрсетіледі. Алу бойынша барлық басқа операциялар Қор осы қаржылық құралдарға қатысты шарт жағында болғанда мойындалады.

**Қаржылық активтерді мойындауды тоқтату.** Қор қаржылық активтерді мойындауды (а) осы активтер өтегенде немесе осы активтерге байланысты ақша ағынына құқық өзге әдіспен аяқталғанда немесе (б) Қор қаржылық активтерден түсken ақша ағынына арналған құқықты бергенде немесе беру туралы келісім жасағанда және бұл жағдайда, (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты маңызы бойынша барлық тәуекелділіктер мен пайдаларды бергенде немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты маңызы бойынша барлық тәуекелділіктер мен пайдаларды бермегендеге немесе сақтамағанда, алайда осы активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтқанда тоқтатады. Егер контрагентте сатуға шектеу енгізісін үшінші тараپқа байланысы жоқ активті толықтай сатуға іс жүзінде мүмкіндік болмағанда бақылау сақталады.

**Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары.** Ақша қаражаттары және олардың баламалары ақша қаражатының белгілі сомасына жеңіл айырбасталатын және баға өзгерісінің елеулі тәуекелдігіне ұшыраған баптар болып табылады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары банкаралық депозиттерді және өтеудің бастапқы мерзімі кемінде 3 ай басқа банктермен кері репо шарттарын қамтиды. Үш айдан артық мерзімде пайдалануға шектелген құралдар алынып тасталынады. Ақша қаражаттары және олардың баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есептелетін бағалы қағаздар** - бұл қаржылық активтер, олар қысқа мерзімде бағалар немесе сауда маржасы немесе қысқа мерзімді кірістерді алу үшін нақты пайдаланылатын портфелинің белгісі болып табылатын бағалы қағаздар ауытқышылығының есебінен кірістер алу мақсатында алынады. Қор бағалы қағаздарды, егер онда алған сөттен бастап оларды қысқа кезеңнің бойында сатуға ниеті болса, саудалық бағалы қағаздар сияқты жіктеіді.

Қор туынды емес саудалық қаржылық активті, егер бұл актив жақын уақытта сату мақсаты үшін ұсталмаса, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санаттан ауыстыра алады. Несие берушілік және дебиторлық берешек санатына жатпайтын қаржылық активтер өзгеше сипаттағы оқигаларға, оның жақын болашақта қайталану ықтималдығы екіталај жағдайларға байланысты туындаған сирек жағдайда пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа қайта жіктелуі мүмкін. Несие берушілік және дебиторлық берешектер анықтамасына жауап беретін қаржылық активтер, егер Қордың осы қаржылық активтері болашақта немесе өтеуге дейін көзге түседілгенде үстап тұру ниеті мен қабілеті болса, қайта жіктелуі мүмкін.

Саудалық бағалы қағаздар әділ құн бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мәлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген саудалық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кірістер бір жылдағы кірістер немесе шығыстар арқылы пайыздық кіріс ретінде көрсетіледі. Дивидендер тиісті төлемдерді алуға және дивидендерді алу ықтималдығының болу шартымен Қор құқықты белгілеген кезде, басқа операциялық кірістер құрамындағы дивидендер бойынша кіріс ретінде көрсетіледі. Барлық басқа компоненттердің әділ құнын өзгерту, сондай-ақ мойындауды тоқтату бойынша кірістер немесе шығыстар олар туындаған кезеңде саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегергенде кіріс ретінде бір жылдағы кірісте және шығыста көрсетіледі.

**Қаржылық мекемелердегі қаржылар.** Қаржылық мекемелердегі қаржылар Қор ақша қаражатын банк-контрагенттерге белгіленген немесе анықталған құні өтеуге жататын алғытелеңдік төлемдер түрінде ұсынған жағдайда есептеледі, бұл жағдайда Қорда туынды қаржылық құралдарға байланысы жоқ және ашық нарықтағы белгісі жоқ дебиторлық берешектерден туындаған сауда операцияларын жүзеге асыру жоспары болмайды. Қаржылық мекемелердегі қаражаттар амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

**Клиенттерге несиелер мен алғытөлемдер.** Клиенттерге несиелер мен алғытөлемдер Қор ақша қаражатын клиенттерге туынды қаржылық құралдарға байланысы жоқ және белгіленген немесе анықталған күні өтеуге жатын ашық нарықтағы белгісі жоқ дебиторлық берешектерді алу немесе құру мақсатында алғытөлемдік төлем түрінде бергенде есептеледі және бұл жағдайда, Қорда осы дебиторлық берешектер арқылы сауда операцияларын жүзеге асыру ниеті болмайды. Клиенттерге несиелермен алғытөлемдер амортизацияланған құн бойынша есептеледі.

**Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржылық активтердің құнсыздандануы.** Құнсызданданудан болған шығындар қаржылық активтерді бастапқы мойындағаннан кейін болған және қаржылық активтерге немесе сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалауға болатын қаржылық активтердің топтарына байланысты есептік болашақ ақша ағынының көлеміне немесе уақытша мерзімге ықпал ететін бір немесе одан көп оқиғалар («залалдар оқиғасы») нәтижесінде оларға келтірілген шаралар бойынша бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда мойындалады. Егер Қорда жеке бағаланған қаржылық активтер (оның маңызына қарамастан) үшін құнсыздандануға шынайы дәлелдеме болмаған жағдайда, бұл активтер несие тәуекелдігінің үқсас сипаттамалары арқылы қаржылық активтер тобына кіреді және оның құнсыздану мәнінің жынтығында бағаланады. Қор қаржылық активтердің құнсыздандану туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі фактор оның мерзімі еткен мәртебесі және мұндай бар болса, кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру мүмкіндігі болып табылады.

Төменде негізгі өлшемдер тізбеленген, оның негізінде құнсызданданудан болған залалдардың шынайы белгілерінің бар-жоғы анықталады:

- кез-келген кезекті төлем мерзімінің етүі және бұл жағдайда өз уақытында төленбеген төлем жұмыстағы есептік жүйенің кешіктірілуімен түсіндірілмейді;
- қарыз алушы едәуір қаржылық қындықтарды сынақтан өткізеді, бұл Қордың басқаруындағы қарыз алушы туралы қаржылық ақпаратпен расталады (мысалы, басқа қаржылық міндеттемелер: облигациялар, депозиттер және т.б. бойынша дефолттың нәтижесінде халықаралық агенттіктер тараپынан несиелік рейтингтің төмендетілуі);
- қарыз алушыға банкроттық немесе қаржылық қайта құру қаупі бар;
- қарыз алушыға әсер ететін үлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгерісімен түсіндірілген қарыз алушының төлем мәртебесінің теріс өзгерісі болады;
- қамтамасыз ету құны нарықтағы жағдайдың нашарлауы нәтижесінде едәуір төмендейді.

Құнсыздандуды жынтық бағалау мақсатында қаржылық активтер несиелік тәуекелдіктердің үқсас өзгешелігі бойынша топталады. Бұл өзгешеліктер осындағы активтер топтары үшін болашақ ақша қаражатының ағынын бағалауға жатады және бағаланған активтерге қатысты келісімшарттық шарттарға сәйкес барлық тиесілі сомаларды дебиторлардың өтеу қабілеті туралы күеландырады.

Қаржылық активтер тобындағы ақша қаражатының болашақ ағындары құнсыздану мәні жынтығымен бағаланады, олар осы активтерге байланысты келісімшарттық ақша қаражаты негізінде және болған шығындар оқиғасы нәтижесінде туындаған басшылықтарғы мерзімі өткен берешектердің көлемі туралы, сондай-ақ мерзімі өткен берешектерді етеге жеткістігі туралы статистика негізінде анықталады. Өткен жылдар статистикасы алдыңғы кезеңдерге ықпал етпеген ағымдық жағдайларға әсер етуді көрсету үшін, сондай-ақ ағымдық кезеңде болмаған өткен оқиғалар әсерін қалпына келтіру үшін ағымдық бақыланатын негізде түзетіледі.

Егер амортизацияланған құн бойынша көрінетін құнсызданданған қаржылық активтер шарты қарыз алушының немесе әмитеттің қаржылық қындықтарына байланысты қандай-да бір әдіспен қайта қаралса немесе өзгеріліске, құнсыздану шартты өзгерктенге дейін бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып анықталады. Одан кейін шарттары қайта қаралған қаржы активін мойындау тоқтатылады, және әділ құны бойынша жаңа актив мойындалады, бірақ егер бұл активпен байланысты тәуекелдер мен пайда едәуір өзгерген жағдайда ғана. Бұл - әдette, бастапқы және жаңадан күтілген ақша ағындарының келтірілген құнының елеулі айырмасымен расталады.

Құнсызданданудан болған шығындар әрқашан осы активтер бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконттаудан күтілетін ақша ағындары (оған сол уақытта залал келтірілмеген несие бойынша болашақ шығындар кірмейді) ағымдық құнына дейін активтің тенгерімдік құнын төмендету үшін қажетті көлемде резерв құру жолымен мойындалады. Қамтамасыз етілген қаржылық активтердің күтілетін болашақ ағындарының дисконттаған құнының есебі ақша ағынның қамтиды, ол несие берушінің борышқор мүлгін иеленуге кірсу ықтималдығының деңгейіне қарамастан, қамтамасыз етуді алуға және сату шығындарын шегергенде, несие беруші борышқор мүлгін иеленуге кірсу нәтижесінде туындауы мүмкін.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

Егер алдағы кезеңде құнсызданудан болған шығындар сомасы төмендесе және бұл төмендеу құнсыздану белгілерінен кейін (мысалы, дебитордың несиелік рейтингінің артуы) басталған оқиғаларға шынайы қатысты болса, құнсызданудан болған бұрын көрсетілген шығындар бір жылдағы кірістер мен шығыстар арқылы жасалған резервті түзету арқылы қалпына келтірледі.

Өтеу мүмкін емес активтер және оларға қатысты толықтай немесе ішінара өтеу мақсатында аяқталған барлық қажетті рәсімдер және шығынның түпкілікті анықталған сомасы құнсыздануға жататын құрастырылған қорлар есебінен шығарылады. Бұрын шығарылған сомаларды кезекті қалпына келтіру бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстардан болған шығындар есебіне жатады.

**Төлемегені үшін меншікке алған қамтамасыз етулер.** Төлемегені үшін меншікке алған қамтамасыз ету мерзімі өткен несиелерді реттеу кезінде Қор алған қаржылық және қаржылық емес активтерді қамтиды. Бұл активтер бастапқыда алу кезіндегі әділ құн бойынша мойындалады және негізгі құралдарға, басқа қаржылық активтерге немесе олардың ерекшелігіне, сондай-ақ осы активтерді өндіруге қатысты Қордың жоспарына байланысты басқа активтер құрамындағы қорларға кіреді, ал салдары активтердің осы санаттары үшін есеп саясатына сәйкес қайта бағаланады және есептеледі.

**Несиелік сипаттағы міндеттемелер.** Қор несиелер беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер шығарады. Қаржылық кепілдіктер клиенттер үшінші тұлғалардың алдында өзінің міндеттемелерін орындаған және несие ретінде несиелік тәуекелдікке ұшыраған жағдайда, төлемді жүргізуге қайтарымсыз міндеттемені қамтиды. Несиелер беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер бастапқыда, әдептегідей, алынған комиссиялар сомасымен күәландырылған әділ құн бойынша көрсетіледі. Осы сома несие беру бойынша міндеттемелерді қоспағанда, міндеттеменің барлық өрекет ету мерзімінің бойында желілік әдіспен амортизацияланады, егер ондай ықтималдылық болған жағдайда, Қор нақты несие келісімін жасайды және оны тапсырғаннан кейін қысқа кезеңнің бойында несиеңі іске асыруды жоспарламайды; несиелер беру бойынша міндеттемелерге байланысты комиссиялық кірістер болашақ кезеңдегі кірістер ретінде есептеледі және бастапқы мойындау кезінде несиеңің тәнгерімдік құнына кіреді. Әрбір есептік кезеңнің соңында міндеттемелер барынша (i) бастапқы мойындаудың амортизацияланған сомасы; және (ii) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындарды үздік бағалау бойынша бағаланады.

**Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар.** Құнды қағаздардың осы санаты инвестициялық құнды қағаздарды қамтиды, оны Қор уақыттың белгісіз кезеңнің бойында ұстап тұруға ниет етеді және олар өтімділікті қолдау бойынша талаптарға байланысты немесе пайыздық мөлшерлемелердің, айырбастау бағамдарының немесе акция бағаларының өзгеруі нәтижесінде сатылуы мүмкін.

Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар әділ құн бойынша есептеледі. Сатуға арналған қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде есептеледі және бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі.

Сатуға арналған қолда бар үлестік инвестициялар бойынша дивидендтер Қор төлемдерді алуға құқықты белгілеу кезінде және дивидендтерді алу ықтималдығының болу шартымен бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда көрсетіледі. Әділ бағалы өзгертуінің барлық қалған компоненттері инвестицияларды мойындауды тоқтатқанға немесе оның құнсыздануына дейін басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі, бұл жағдайда жиналған кіріс немесе шығыс басқа жиынтық кірісінің санатынан бір жыл ішінде кірісіне немесе шығысына көшіріледі. Құнсызданудан болған шығындар сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды бастапқы мойындағаннан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалар («шығындар оқиғасы») нәтижесінде келтірілген шаралар бойынша бір жыл ішіндегі кірістерде немесе шығыстарда мойындалады. Оны алу құнынан төмен үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының едәуір немесе ұзақ төмендеуі оның құнсыздану белгісі болып табылады. Алу құны мен осы активтердің құнсыздануынан болған шығындарды шегергендең ағымдық әділ құнның арасындағы айырмашылық ретінде анықталған құнсызданудан болған жиналған шығын бастапқыда кірістер мен шығыстарда мойындалды, басқа жиынтық кіріс санатынан бір жыл ішіндегі кірістерге немесе шығыстарға ауыстырылады. Үлестік құралдардың құнсыздануынан болған шығындар қалпына келтірілмейді, ал кезекті кірістер басқа жиынтық кірістер құрамында көрсетіледі. Егер кезекті есептік кезеңде «сатуға арналған қолда бар» санатына жататын борыштық құралдардың әділ құны үлгайтылады және мұндай үлгайту кірістердегі немесе шығыстардағы құнсызданудан шығындарды мойындағаннан кейін болған оқиғага объективті түрде жатқызылуы мүмкін, онда құнсызданудан болған шығындар бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстар арқылы қалпына келтіріледі.

**Негізгі құралдар.** Негізгі құралдар құнсызданудан болған резервті және жинақталған тозуды шегеріп тастағанда құны бойынша көрсетіледі (қажет болған жағдайда).

Кішігірім жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша шығындар пайда болған кезде есепке алынады. Негізгі құрал-жабдықтардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығындар кейіннен ауыстырылған компоненттерді есептен шығарумен капиталдандырылады.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құрапдардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Құнсыздану белгілері болған кезде, басшылық өтілетін құнды бағалауды жүргізеді, ол оны пайдалану нәтижесінде алатын құн мен сату шығындарын шегергенде, активтің барынша әділ құны ретінде анықталады. Тенгерімдік құн өтілетін құнға дейін төмендетіледі, ал құнсызданудан болған шығын бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстарға жатады. Алдыңғы кезеңдердегі қандай-да бір активтер үшін көрсетілген құнсызданудан болған шығындар, егер олар активтерді пайдалану нәтижесінде алынған бағалы немесе сату шығындарын шегергенде, оның әділ құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағаларды өзгертуде орын алғанда қалпына келтіріледі.

Тенгерімдік құнның түсімдер сомасын салыстыру арқылы анықталатын шыққан кірістер мен шығыстар бір жыл ішіндегі кірістер мен шығыстардағы басқа операциялық кірістер мен шығыстар құрамында көрсетіледі.

**Амортизация.** Жер амортизациялауға жатпайды. Негізгі құрапдар бойынша амортизация желілік әдісті, яғни бағалы пайдалы активтерді пайдаланудың келесі есептік мерзімінің бойында қалдық құнға дейін тән төмендету арқылы есептеледі:

#### **Пайдалы пайдалану мерзімі (жылдар саны)**

Фимараттар	100 жылға дейін
Машиналар және жабдық	10 жылға дейін
Көлік құрапдары	7 жылға дейін
Өзге	10 жылға дейін

Активтің қалдық құны - бул егер актив пайдалы пайдалану мерзімінің соңына және актив пайдалы пайдалану мерзімінің соңына тән қүйге жетіп те қойған болса, Қор ағымдағы сәтке істен шығуға шамаланатын шығындарды алып тастағаннан кейін осыны алатын есептік сома. Активтердің қалдық құны және оларды пайдалы пайдалану мерзімі әрбір есептік кезеңнің соңында қайта қарастырылады және, егер қажет болса, түзетіледі.

**Материалдық емес активтер.** Қордың материалдық емес активтері белгілі бір пайдалы пайдалану мерзіміне ие және, негізінен, капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыздандыруды және лицензияларды қосады. Бағдарламалық қамтамасыздандыруға сатып алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтамасыздандыруды сатып алуға және енгізуге шығындалған шығындардың негізінде капиталдандырылады. Егер қосымша экономикалық пайдалардың сомасы шығындардан асып түседі деп қүтілетін болса, Қор бақылайтын, сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамтамасыздандырумен тікелей байланысты жасалымға шығындар материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылған шығындар Қордың бағдарламалық қамтамасыздандыруды жасаушыларды ұстауға шығыстарын және үстеме шығыстардың тиісті үлесін қосады. Бағдарламалық қамтамасыздандырумен (мысалға, оған қызмет көрсетумен) байланысты барлық өзге шығындар олардың келтірілуіне қарай ескеріледі. Капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыздандыру 7 жыл шамасында күтілетін пайдалы пайдалану мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

**Операциялық жалдау.** Қор жалдаушы рөлінде әрекет еткен кезде және жалға беруші жалдау обьектілеріне иелік етуден төуекелдер мен кірістерді Қорға бермеген кезде, операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалдау мерзімінің бойында бірқалыпты есептен шығару әдісін пайдалана отырып, жыл ішіндегі пайдада немесе шығында (жалдау бойынша шығыстар сеқілді) көрсетіледі.

Басқа шарттарға кірістірілген жалдау, егер (а) шартты атқару нақты активті немесе активтерді пайдаланумен байланысты болса және (б) шарт активті пайдалануға құқықтың берілуін қарастырылса, бөліп көрсетіледі.

**Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек.** Қор жалға беруші рөлінде әрекет еткенде және жалдау обьектілерін иеленуден төуекелдер мен кірістер жалға алушыға берілгенде, жалға берілетін активтер қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетіледі және болашақ жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша есепке алынады. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бастапқыда жалдау мәмілесінің қуніне (жалдау мәмілесінің қуні деп, қандай құннің ертерек келіп жеткеніне байланысты, жалдау шарты жасалған қун немесе жалдау қатынастарына қатысуышылар жалдаудың негізгі қағидаларын растиған қуні есептеледі) анықталған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау қатынастары пайда болған қуніне көрсетіледі.

Дебиторлық берешектің сомасы мен болашақ жалдау төлемдерінің дисконтталған құны арасындағы айырма алынбаған қаржылық кірістер болып келеді. Бұл кірістер жалдау мерзімінің бойында таза инвестициялар әдісін пайдалана отырып мойындалады, таза инвестициялар әдісі жалдау шартының бүкіл күшинде болу мерзімі бойында тұрақты кірістілік нормасын шамалайды. Жалдау қатынастарын ұйымдастырумен тікелей байланысты қосымша шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына енгізіледі және жалдау кезеңінде мойындалатын кірістің сомасын азайтады. Жалдау бойынша қаржылық кірістер жыл ішіндегі пайдада немесе шығында көрсетіледі.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

Құнсызданудан шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті бастапқы мойындағаннан кейін болған бір немесе одан көп оқигалардың («шығын оқигаларының») нәтижесінде олардың пайда болуына қарай жыл ішіндегі пайдада немесе шығында мойындалады. Құнсызданудан шығынның объективті белгілерінің болуын анықтау үшін, Қор амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін несиелер үшін секілді дәл сол негізгі өлшемдерді пайдаланады. Құнсызданудан шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің таза теңгерімдік құны мен жалдау шартына кіріктірілген кірістілік нормасын қолдана отырып дисконтталған, күтілетін болашақ ақша ағындарының (болашақтағы, әлі келтірілметен шығындарды алып тастап) ағымдағы құны арасындағы айырманың мөлшерінде резерв жасау арқылы мойындалады. Есептік болашақтағы ақша ағындары жалдау шарты бойынша активті алудың және сатудың нәтижесінде пайда болу мүмкін ақша ағындарын көрсетеді.

**Қарыз қаражаттары.** Қарыз қаражаттар контрагенттер Қорға ақшалай қаражаттарды немесе өзге активтерді берген сәттен бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор өзіндік берешекті иеленсе, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен алынып тасталады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген сома арасындағы айырма берешекті реттеуден кірістердің немесе шығыстардың құрамына қосылады.

**Субсидиялау бағдарламалары.** Субсидиялар әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі берген қаржыландыру немесе жауапты органдың қаржыландыруы болып келеді. Қор субсидиялау бағдарламалары бойынша агент ретінде әрекет етеді. Үкіметтен алынған қаржыландыру қаражаттар өтелген сәтке дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме ретінде танылады. Қаржыландыру Үкімет субсидиялаған жобалар үшін төлеу ретінде жергілікті банктерде орналастырылады. Қор өзіндік қаржыландыруды жергілікті банктерге берген кезде, төлеу мемлекеттік қаржыландыру алынғанға дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек ретінде ескеріледі.

**Туынды қаржы құралдары.** Туынды қаржы құралдары, валюта айырбастау келісім-шарттарын, пайыздық фьючерстерді, болашақ пайыздық мөлшерлеме туралы келісімді, валюталық және пайыздық своптарды, сондай-ақ валюталық және пайыздық опцияларды қоса, әділ құны бойынша көрсетіледі.

Барлық туынды құралдар, егер бұл құралдардың әділ құны он болса, активтер ретінде және, егер олардың әділ құны теріс болса, міндеттемелер ретінде ескеріледі. Туынды құралдардың әділ құнының өзгерістері жыл ішіндегі пайдаға немесе шығынға қосылады (туынды қаржылық құралдар бойынша шығыстарды шегергендеңі кірістер).

Егер олардың тәуекелдері және экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдерімен және экономикалық сипаттамаларымен тығыз байланыста тұрмаса, басқа қаржылық құралдарға кіріктірілген кейір туынды құралдар негізгі шарттан бөлінеді.

**Кіріске салынатын салық.** Қаржылық есептілікте қолданылатын немесе есептік кезеңнің соына шын мәнінде күшіне енген салық мөлшерлемелерін және заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнаманың талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығыстар көрсетілген. Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар өзіне ағымдағы салықтар бойынша шығысты және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығысты қосады және егер олар осы немесе басқа кезеңде осылар өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілген операцияларға жататындығына байланысты, өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілмеуге тиіс болса, жыл ішіндегі пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және алдындағы кезеңдер ішіндегі салық салынатын пайдаға немесе шығындарға қатысты салық органдарына төлеуге немесе салық органдарының өтеуіне күтілетін пайдага салынатын салықтың сомаларының негізінде есептеледі. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе шығын бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, салықтар бойынша өзге шығыстар әкімшілік және өзге операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы кейінге қалдырылған салық шығындарына және активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың қаржылық жағдай туралы есептегі теңгерімдік құны арасындағы уақытша айырмаларға қатысты теңгерімдік міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бастапқы мойындау үшін алынып тасталуға сәйкес, бизнесі біріктіру нәтижесінде пайда болатын бастапқы мойындау жағдайларын қоспағанда, егер бастапқы мойындау кезіндегі мәміле бухгалтерлік пайдага да, салық салынатын пайдага да әсер етпесе, активті немесе міндеттемені бастапқы мойындаған кезде туындастын уақытша айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған салық ескерілмейді. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер және міндеттемелер, қолданылатын немесе есептік кезеңнің соына шын мәнінде қолданылатын және, осылай күтілетіндегі, уақытша айырмалар немесе кейінге қалдырылған салық шығындары іске асырылатын кезеңде қолданылатын болатын салық салу мөлшерлемелерін пайдалана отырып анықталады.

### **3 Есеп саясаттары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

Салық салынатын базаны азайтатын уақытша айырмалар бойынша кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық шығындары тек осыған қатысты салық салынатын уақытша айырмалар пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда алынуының ықтималдығы қандай болса, сондай шамада ғана көрсетіледі.

**Анықталмаған салық жайғасымдар.** Қордың анықталмаған салық жайғасымдарын әрбір есептік кезеңнің сонында басшылық бағалайды. Егер Қордың салық позициясына салық органдары келіспесе, басшылық қосымша салық міндеттемелерінің пайда болуы мүмкін деп есептесе, салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер ескеріледі. Мұндай бағалау қолданыста болған немесе есептік кезеңнің сонына шын мәнінде күшіне енген салық заңнамасына және кез келген белгілі сот қаулысына немесе осы тәріздес мәселелер бойынша өзге шешімге түсіп берудің негізінде орындалады. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, айыппұлдар, өсімақылар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есептік кезеңнің сонына міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстарды ең жақсы бағалауының негізінде көрсетіледі.

**Міндеттемелерге және аударымдарға резервтер.** Міндеттемелерге және аударымдарға резервтер мерзімі немесе сомасы анықталмаған, қаржылық емес сипаттағы міндеттемелер болып келеді. Резервтер қаржылық есептілікте Қорда есептік күніне дейін пайда болған міндеттемелер (құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден келіп шығатын) болған кезде көрсетіледі. Бұл ретте осы міндеттемелерді атқару үшін Қорға экономикалық ресурстардың жылыстауы қажет болатындығының және міндеттемелердің сомасының дәлдіктің айтарлықтай шамасымен бағалануы мүмкін екендігінің жоғары ықтималдығы бар болады. Пайдаға салынатын салықты немесе төлеу бойынша міндеттің пайда болуының алдындағы кезеңге жататын ақпараттың негізінде реттеуші органдар белгілейтін алымдарды қоспағанда, салықтар секілді міндетті төлемдер және аударымдар, заңнамада міндетті төлемді төлеу бойынша міндетке алып келетін ретінде анықталатын, міндетті төлемнің пайда болуына алып келетін міндеттеуші оқиға болған кезде міндеттемелер ретінде мойындалады. Егер міндетті төлемді төлеу міндеттеуші оқиға болғанға дейін жүргізілсе, бұл төлем алғытөлем төлеу ретінде танылады.

**Жеткізуілермен есеп айырысулар және өзге несие кредиторлық берешек.** Кредиторлық берешек және өзге кредиторлық берешек контрагенттер өздерінің міндеттемелерін орындаған кезде мойындалады және амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Акционерлік капитал.** Осылар бойынша дивидендтер басшылықтың білгенінше жарияланатын әдetteгі акциялар өзіндік құралдар ретінде көрсетіледі. Тікелей жаңа акциялардың әмиссиясына жататын қосымша шығындар өзіндік құралдардың құрамында түсімнің азауы ретінде (салықты ескерусіз) көрсетіледі. Алынған құралдардың әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып түсетін сома өзіндік құралдардың құрамында әмиссиялық кіріс ретінде көрсетіледі.

**Дивидендер.** Дивидендер капиталда олар жарияланған кезеңде көрсетіледі. Есептік кезең аяқталғаннан кейін, бірақ қаржылық есептілік шығаруға бекітілгенге дейін жарияланған барлық дивидендтер туралы ақпарат «Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар» ескертпесінде көрсетіледі. Пайданын бөлінуі және оның өзге жұмысалулары Қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес дайындалған бухгалтерлік есептіліктің негізінде жүргізіледі. Қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес, пайданы бөлу Қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік бойынша ағымдағы жылдың таза пайдасының негізінде жүргізіледі.

**Кірістер мен шығыстарды көрсету.** Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер және шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістерге және шығыстарға шарттың таралттары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамастай бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық өзге сыйақыларды, дисконттарды қосады.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссиялар қаржылық активті қалыптастырумен немесе иеленумен немесе қаржылық міндеттеме шығарумен байланысты алынған немесе төленген комиссияларды қосады (мысалға, несиеғе қабілеттілікіті бағалау, кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау немесе есепке алу үшін, құралды беру шарттарын реттеу және мәміле бойынша құжаттарды өндеу үшін комиссиялық сыйақылар). Егер Қордың нақты несие мәмілесін жасайтындығының және оны бергеннен кейін қысқа кезең ішінде несиеісі іске асыруды жоспарламайтын болатындығының ықтималдығы бар болса, Қор нарықтық мөлшерлемелер бойынша несие беру бойынша міндеттемелер үшін, шығару үшін алған комиссиялар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор несие беру бойынша міндеттемелерді пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде жіктемейді.

### **3 Есеп саясатары қағидаттарын қысқаша мазмұндау (жалғасы)**

Егер берілген несиелердің және өзге борыштық құралдардың дер кезінде өтелетіндігіне күмән туындаған жағдайда, олар одан кейін құнсыздану сомасын анықтау мақсатымен болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде пайыздық кірісті көрсете отырып, өтелетін құнға дейін есептен шығарылады.

Барлық өзге комиссиялық кірістер, өзге кірістер және өзге шығыстар, әдетте, нақты көрсетілген қызметтің көрсетілуге тиіс қызметтердің жалпы көлеміндегі үлесі ретінде анықталатын, нақты мәміленің аяқталғандық дәрежесіне байланысты есептеу әдісі бойынша көрсетіледі.

Үшінші тараптар үшін мәмілелерді ұйымдастыру, мысалға, несиелер, акциялар және басқа бағалы қағаздар сатып алу немесе аталаған операцияларды жасаған кезде алынған компанияларды сатып алу немесе сату бойынша комиссиялық кірістер мәміле аяқталған соң көрсетіледі. Инвестициялық портфельді басқару бойынша комиссиялық кірістер және өзге басқарушылық және консультациялық қызметтер, қызметтер көрсете туралы шарттардың талаптарына сәйкес, әдетте, шығыналған уақытқа пропорционал көрсетіледі. Инвестициялық қорлардың активтерін басқару бойынша комиссиялық кірістер осы қызметті көрсете кезеңінің ішінде көрсетілген қызметтердің көлеміне пропорционал көрсетіледі. Мұлік басқарумен, қаржылық жоспарлаумен байланысты қызметтерге қатысты және ұзак уақыт кезеңі ішінде тұрақты негізде көрсетілетін депозитарлық қызметтерге қатысты дәл осы қағида қолданылады.

**Шетел валютасын қайта бағалау.** Қордың атқарымдық валютасы болып, Қор өз қызметін осында жүргізетін негізгі экономикалық аймақтың валютасы табылады. Қордың атқарымдық валютасы және есептілік ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының валютасы, теңге болып табылады.

Шетел валютасында көрсетілген операциялар операция жүргізілген күніне басым болып отырған айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген операцияларды өтеуден бағамдық айырмалар, осы күнге белгіленген айырбас бағамын пайдалана отырып, жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер және міндеттемелер есептік күнге ҚРҰБ-нің реңми айырбас бағамын пайдалана отырып теңгеге көшіріледі. Шетел валютасындағы ақшалай емес активтер мен міндеттемелер және операциялар операция жүргізу күніне ҚРҰБ айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Жыл сонына айырбас бағам бойынша қайта есептеу бастапқы құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптарға қолданылмайды. Бағамдық айырмадан пайдалар және шығындар жиынтық кіріс туралы есепте таза негізде көрсетіледі.

Шетел валютасындағы шоттар бойынша қалдықтарды қайта бағалау үшін пайдаланылған, 2017 жылғы 31 желтоқсанға реңми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңге құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 333.29 теңге). 2015 жылғы 20 тамызда, Қазақстан Республикасы Үкіметі ҚРҰБ-мен бірлесіп валюталық дәлізді алып тастау және Текенің еркін өзгермелі айырбастау бағамына көшу туралы шешім қабылдады.

**Қызметкерлер құрамын ұстауға шығыстар және олармен байланысты аударымдар.** Жалақыға шығыстар, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, төленген жыл сайынғы еңбек демалыстары және сырқаттық бойынша қағаздар, сыйақылар және ақшалай емес женілдіктер Қор қызметкерлерінің тиісті қызметтер көрсетуіне қарай есептеледі. Белгіленген жарналармен мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден өзге, Қордың зейнетақы төлеу бойынша немесе осыған ұқсас төлеу бойынша қандай да болсын құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден келіп шығатын міндеттемелері жоқ.

### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау және кесіби пікірлер**

Қор келесі қаржылық жылы есептілікте көрсетілетін сомаларға және активтер мен міндеттемелердің тенгерімдік құнына әсер ететін бағалаулар мен жорамалдар жасайды. Бағалаулар мен жорамалдар басшылықтың тәжірибесінің және осылар, басшылықтың пікірінше, ағымдағы жағдаяттардың тұргысынан дәлелді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты құтулерді қоса, басқа факторлардың негізінде үнемі талданып отырады. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық сондай-ақ кесіби пікірлерді және бағалауларды қолданады. Қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға ең елеулі әсерін тигізетін кесіби пікірлер және осылардың нәтижесі келесі қаржылық жылдың бойында активтердің және міндеттемелердің тенгерімдік құнына елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалаулар мыналарды қосады:

**Қызметтің үздіксіздігі.** Басшылық осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде даярлады. Осы пікірді жасауда басшылық Қорды қаржылық жағдайын, ағымдағы пиғылдарды, операциялардың кірістілігін және қаржылық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін ескерді.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау және кәсіби пікірлер (жалғасы)**

**Құнсызданудан шығындар және клиенттердің несиelerдің алғытөлемдердің және қаржы мекемелеріндегі қаражаттың құнсыздануына резервті қалпына келтіру.** Қор өзінің несиелік портфелін және қаржы мекемелеріндегі қаражатты құнсыздану түргысынан тұрақты негізде талдайды. Құнсызданудан шығынды жыл ішінде пайдада немесе шығында көрсету керек пе екендігін анықтаған кезде, Қор қандай да болсын жағдайда жеке несие бойынша төмендеу анықталмасстан бұрын, несие портфелі және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша есептік болашақ ақша ағындарының өлшенетіндей темендеуін күмелендіратын, көзге көрінетін белгілердің болуы туралы кәсіби пікірлерді қолданады. Мұндай көрсеткіш активтер бойынша міндеттемелердің орындалмауымен байланысты қарыз алушылардың төлемдік мәртебелерінің немесе үлттық, немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың теріс өзгеруі туралы өлшеуге берілетін деректерді қосуы мүмкін. Басшылық несие тәуекелінің сипаттамалары бар активтерге және құнсызданудың объективті белгілеріне қатысты өткен жылдардың шығындары туралы деректердің негізінде бағалауларды қолданады. Болашақ ақшалай қаражаттардың ағындарының сомаларын және мерзімдерін бағалау үшін қолданылатын әдістеме мен жoramалдар есептік және нақты шығындар арасындағы кез келген алшақтықты төмендеду үшін үнемі талданып отырады.

2017 жылды Қор қаржы мекемелеріндегі қаражаттар және клиенттерге несиeler мен алғытөлемдер бойынша несиелік портфельдің 7,202,372 мың теңге сомада құнсыздануынан шығынды мойындағы (2016 ж.: құнсызданудан 11,839,945 мың теңге сомада шығын). 9 және 10 Ескертпелерді қараңыз.

Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша құнсызданудан шығындарды Қор жеке негізде бағалайды. Құнсызданудың негізгі белгісі банктердің дефолты немесе халықаралық рейтинг агенттіктерінің банктердің несиелік рейтингін төмендедуі болып табылады.

2017 жыл бойында Қор «Delta Bank» АҚ-ның берешек сомаларын мерзімінен бұрын өтеуі бойынша жұмысты жалғастырыды. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап осы есептік күніне дейін «Delta Bank» АҚ 5,038,763 мың теңге негізгі борышын және Қордан алынған несиeler бойынша есептелген 799,924 мың теңге сыйақыны өтеді.

2017 жылғы 28 сәуірде жасалған талап ету құқықтарын беру шартының аясында Қор «Delta Bank» АҚ-на берілген несиelerді өтеу есебіне «Delta Bank» АҚ-нан 15,443,912 мың теңге негізгі қарыз және 253,529 мың теңге есептелген сыйақы мөлшерінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиeler портфелін алды. Қор басшылығы талап ету құқықтарын қайта беру күніне шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген жаңа несиeler портфелинің әділ құнын 11,418,676 мың теңге мөлшерде бағалады, бұл осы несиelerді бастапқы мойындаудан 4,278,421 мың теңге мөлшерде шығынды мойындаға алып келді. Әділ құнын бағалау кезінде өтеу көздерінен күтілетін ақша ағындары қарыз алушыларға өзгеше несие тәуекелін ескере отырып түзетілген 14% мөлшердегі нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттады. 9 және 23-Ескертпені қараңыз.

«Delta Bank» АҚ-ның берешегінің қалған бөлігі 4,152,389 мың теңге құрады теңге (2016 ж. 31 желтоқсан: 25,121,870 мың теңге) және нарықтықтан төмен мөлшерлемелер бойынша берілген қарыздар бойынша дисконт болмады (2016 ж.: 4,151,448 мың теңге). Қор басшылығы «Delta Bank» АҚ бойынша берешек сомасының құнсыздануы бойынша провизияның мөлшерін 4,152,389 мың теңге мөлшерде бағалады (2016 ж. 31 желтоқсан: 2,092,468 мың теңге). 9-Ескертпені қараңыз.

**Тұынды қаржылық құралдардың және кейбір басқа қаржылық құралдардың әділ құны.** Осыларды бағалау ғұларда бақыланатын нарықтық бағалар қолданылатын жoramалдардың негізінде жүргізілетін қаржылық құралдардың әділ құны туралы ақпарат 30 Ескертпеде көрсетілген.

2014 жылғы желтоқсанда және 2015 жылғы қазанда Қор АДБ-нен АҚШ долларымен алынған қарыздармен байланысты валюталық тәуекелді барынша азайту мақсатымен, коммерциялық банктермен 5 жылдық бекітілген своп шарттарын жасасты (14 Ескертпе). Қор есептік күніне своп шарттарының әділ құндарын бағалады, бұл 2017 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша тұынды қаржылық құралдардың 25,193,064 мың теңге мөлшердегі әділ құнын (2016 ж.: 40,893,758 мың теңге) және қаржылық тұынды құралдармен операциялардан 12,492,609 мың теңге мөлшерде шығысты (2016 ж.: 7,781,996 мың теңге мөлшерде шығысты) мойындаға алып келді. Қор 2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде АДБ қарыздары бойынша 2,168,832 мың теңге мөлшерде (2016 ж.: 2,196,948 мың теңге мөлшерде кірістер) валюталық кірістер алды.

Әділ құнды бағалаған кезде Қор Қазақстанның елдік тәуекеліне түзетілген, АҚШ долларлары мен Қазақстанның тәнге бойынша тәуекелсіз мөлшерлемелерді қолдана отырып, дисконттады ақша ағындары әдісін қолданды. 13, 21 және 29 Қосымшаларды қараңыз.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау және кәсіби пікірлер (жалғасы)**

**Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы мойындау.** Өзінің күнделікті қызметінің барысында Қор байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС 39 сәйкес, қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуге тиіс. Осындай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде, нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мәлшерлемелер бойынша операциялардың жүргізілген-жүргізілмегендігін анықтау үшін, кәсіби пікірлер пайдаланылады. Пікірлер үшін негіздеме болып байланысты емес тараптармен операциялардың үқсас түрлеріне баға түзілу және тиімді пайыздық мәлшерлемені талдау табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 32 Ескертпеде көрсетілген.

**Нарықтықтан тәмен мәлшерлемелер бойынша қаржылық құралдарды бастапқы мойындау.** Өзінің күнделікті қызметінің барысында Қор үшінші тараптармен, негізінен алғанда байланысты тараптармен нарықтықтан тәмен мәлшерлемелер бойынша операциялар жүргізеді. ХҚЕС 39 сәйкес, қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуге тиіс. Пікірлер үшін негіздеме болып байланысты емес тараптармен операциялардың үқсас түрлеріне баға түзілу және тиімді пайыздық мәлшерлемені талдау табылады.

2015 жылдың қазанында Қор АДБ-нен 0,9207% жылдық пайыздық мәлшерлемемен және 2020 жылғы қыркүйекте өтеу мерзімімен 228 миллион АҚШ доллары мәлшерінде қарыз алды. 2017 жылғы 31 желтоқсанға және 2016 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша, барлық қаражат толығымен мақұлданған Қазақстандық коммерциялық банктерде орналастырылды. 2017 жыл бойында Қор АДБ-нен қарызыды 156,5 миллион АҚШ доллары мәлшерінде өтеді. Қор басшылығы осы қарыздардың әділ құнын бағалап, кәсіби пікірді қолданды. 2017 жылғы 13 қазанда Қор АДБ-нен 8,085,997 мың теңге мәлшерде қарыз алды. Қор да, АДБ де даму институттары болып табылатындықтан және нарықта осы тәріздес мәмілелер болмағандықтан, Қор басшылығы қарыздар алу және несиелер беру бойынша барлық мәмілелер айтартылғайтай бірегей болып табылады деген қорытындыға келді. Демек, мәмілелердің бағалары негізгі немесе ең тиімді нарық үшін қолданыстағы бағалар болып табыла отырып, мәміле бойынша шығындарды ескере отырып одан кейін түзетуді қажет етпейді. Осылайша, мәміленің бағасы бастапқы мойындау кезінде қарыздық қаражаттың әділ құны болып келеді және ешқандай түзетулерді қажет етпейді. 14 Ескертпені қарандыз.

**Шығарылған кепілдіктердің әділ құны.** 2015 жылы Қор «Банк Центр Кредит» АҚ үшін «Банк Центр Кредит» АҚ Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінде (бұдан әрі «ЕҚҚДБ») 27,220 миллион теңге сомага ашқан несиелік бағыттар бойынша кепілдіктер шығарды. 2017 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша «Банк Центр Кредит» АҚ 20,470 миллион теңге (2016 ж.: 27,220 миллион теңге) сомага қарыздар алды. Қор басшылығы шығару күніне осы кепілдіктердің «Банк Центр Кредит» АҚ-нан алынған есептелген комиссиялық кірістердің сомасына негізделген әділ құнын 229,222 мың теңге мәлшерде бағалады. 2017 жылғы 31 желтоқсанға есептелген комиссиялық кірістердің сомасы 179,161 мың теңге (31 желтоқсан 2016: 318,957 мың теңге) құрады. 16 және 28 Ескертпелерді қарандыз.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау және кәсіби пікірлер (жалғасы)**

2016 жылды Қор «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ ЕКҚДБ-де ашқан несиелік бағыттар бойынша «ForteBank» АҚ және «KMF» Микроқаржы үйімі» ЖШС (бұдан өрі «KMF» МҚҰ) үшін тиісінше 9,907 миллион теңге және 3,776 миллион теңге сомаға кепілдіктер шығарды. 2017 жылды 31 желтоқсанға жағдай бойынша «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ ЕКҚДБ-нен тиісінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге сомаға (31 желтоқсан 2016: тиісінше 9,907 миллион теңге және 3,776 миллион теңге) сомаға қарыздар алды. Қор басшылығы «ForteBank» АҚ-нан және «KMF» МҚҰ-нан алынған есептелген комиссиялық кірістердің сомасына негізделген осы кепілдіктердің өділ құнын тиісінше 57,030 мың теңге және 25,669 мың теңге мөлшерде (31 желтоқсан 2016: тиісінше 35,383 мың теңге және 32,303 мың теңге) мөлшерде бағалады. 16 және 28 Ескертпелерді қараңыз.

2017 жылды Қор «Kassa Nova Банкі» АҚ үшін «Kassa Nova Банкі» АҚ ЕКҚДБ-де ашқан несиелік бағыттар бойынша 1,793 миллион теңге сомаға кепілдіктер шығарды. 2017 жылды 31 желтоқсанға жағдай бойынша «Kassa Nova Банкі» АҚ ЕКҚДБ-нен 1,793 миллион теңге сомаға қарыздар алды. Қор басшылығы «Kassa Nova Банкі» АҚ-нан алынған есептелген комиссиялық кірістердің сомасына негізделген осы кепілдіктердің өділ құнын 1,250 мың теңге мөлшерде бағалады. 16 және 28 Ескертпелерді қараңыз.

«Банк Центр Кредит» АҚ-ын, «ForteBank» АҚ-ын және «KMF» МҚҰ-ын, «Kassa Nova Банкі» АҚ-ын қарызы шарттарының талаптарына сәйкес қарыздарды уақытылы және толық шамада өтеуге қабілетті деп бағалайтындықтан, Қор басшылығы осы кепілдіктердің құнсыздандына резерв құрмады.

#### **5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшү**

Төменде тізіп көрсетілген қайта қарастырылған стандарттар Қор үшін 2017 жылды 1 қаңтардан бастап міндетті болып шықты, бірақ Қорға елеулі әсерін тигізбеді.

**«Ақпаратты ашу саласындағы бастама» – ХҚЕС (IAS) 7 түзетулер (2016 жылды 29 қаңтарда шығарылған және 2017 жылды 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). ХҚЕС (IAS) 7 енгізілген түзетулер қаржылық қызметтің нәтижесінде туындастырылған міндеттемелердегі өзгерістерді салыстыру туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Жаңа ақпарат ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы Есеппен ашылды.**

**«Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активестерін мойындау» - ХҚЕС (IAS) 12 түзетулер (2016 жылды 19 қаңтарда шығарылған және 2017 жылды 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).**

**Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын жыл сайын жетілдірулер, 2014-2016 жж. - ХҚЕС (IFRS) 12 түзетулер (2016 жылды 8 желтоқсанда шығарылған және 2017 жылды 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).**

#### **6 Жаңа есеп қагидалары**

2018 жылды 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және осындарды Қор өзірге мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды:

**ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар: Жіктев және бағалау» (2014 жылды шілдеде енгізілген өзгерістермен, 2018 жылды 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Бұл стандарттың негізгі өзгешеліктері келесіден тұрады:**

- Қаржылық активтер үш бағалау санаты бойынша: кейінректе амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, кейінректе өзге жыныстық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын және кейінректе пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын санат бойынша жіктелуге тиіс.

## **6 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)**

- Борыштық құралдарды жіктеу үйымның қаржылық активтерін басқарудың бизнес-моделіне және шартпен қарастырылған ақша ағындарының тек қана негізгі соманы және пайыздарды төлеуді қосатын-қоспайтындығына байланысты болады. Егер борыштық құрал қаржаттар алу үшін ұстальып қалатын болса, егер бул ретте ол сондай-ақ тек қана негізгі соманы және пайыздарды төлеу туралы талапқа сәйкес келсе, онда ол амортизацияланған құны бойынша ескерілуі мүмкін. Үйим бір мезгілде активтердің ақша ағындарын ұстап қалғанда және активтерді сатқанда, тек қана негізгі соманы және пайыздарды төлеу туралы талапқа жауп беретін, портфельде ұстальынатын борыштық құралдар өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардың санатына жатқызылуы мүмкін. Тек қана негізгі соманы және пайыздарды төлеу туралы талапқа жауп беретін ақша ағындарын қамтыймаган қаржылық активтер пайдада немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалануға тиіс (мысалға, туынды құралдар). Кіріктірілген туынды құралдар қаржылық активтерден бөлінбей, тек қана негізгі соманы және пайыздарды төлеу туралы талаптың сақталуын бағалаған кезде олардың құрамына қосылады.
- Ұлестік құралдарға инвестициялар әрқашан әділ құны бойынша бағаланады. Бұл ретте басшылық, егер құрал сатуға арналмаған болса, әділ құнның құрамындағы өзгерістерді өзге жиынтық кірістің құрамында көрсету туралы өзгерілмеуге тиіс шешім қабылдауы мүмкін. Егер де ұлестік құрал «сатуға арналған» санатқа жататын болса, онда әділ құнға өзгерістер пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі.
- ХКЕС (IAS) 39 қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты да, бағалауға қатысты да талаптарының көпшілігі ХКЕС (IFRS) 9 өзгеріссіз көшірілген болатын. Негізгі айырмашылығы үйымға пайдада немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардың санатына жатқызылған қаржылық міндеттемелердің өзіндік несие тәуекелінің өзгеру әсерін өзге жиынтық кірістің құрамында ашып көрсету талабы болып табылады.
- ХКЕС (IFRS) 9 құнсызданудан шығындарды мойындаудың жаңа моделін: күтілетін несиелік шығындар моделін енгізеді. Модель қаржылық активтердің несиелік сапасының оларды бастапқы мойындау сәтінен бастап өзгеруіне негізделген «үш кезеңді» амалды қарастырады. Тәжірибеде бұл жаңа ережелер үйымдардың құнсызданған несиелік активтер болып табылмайтын қаржылық активтерді бастапқы мойындаған кезде 12 ай ішінде күтілетін несиелік шығындарға (немесе сауда-саттық дебиторлық берешек үшін күшінде болудың бүкіл мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындарға) тен лездік шығындарды ескеруге тиіс болатындығын білдіреді. Несие тәуекелінің айтартылған артуы орын алған жағдайларда, құнсыздану 12 ай ішінде күтілетін несиелік шығындарды емес, несиенің күшінде болуының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындарды пайдалана отырып бағалағанды. Модель жалдау және сауда-саттық дебиторлық берешек үшін операциялық жеңілдетулерді қарастырады.
- Хеджерлеуді есепке алуға қайта қарастырылған талаптар есепке алуудың тәуекелдерді басқарумен тығызырақ байланысын қамтамасыз етеді. Бұл стандарт үйымдарға есеп саясатын таңдау мүмкіндігін береді: олар ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес хеджерлеуді есепке алууды қолдана алады, стандартта қазіргі таңда макрохеджерлеу кезінде есепке алу қарастырылмайтындықтан, хеджерлеудің барлық қатынастарына ХКЕС (IAS) 39 қолдануды жалғастыра алады.

Кордың 2017 ж. 31 желтоқсанға қаржылық активтерін және қаржылық міндеттемелерін талдау нәтижелері бойынша және атап көрсетілген қүнге бар болып отырган деректер мен жағдаяттардың негізінде, Қор басшылығы 2018 ж. 1 қаңтарынан бастап жаңа стандарттың қабылдануы оның қаржылық есептілігіне айтартылған әсерін тигізетіндігін күтеді.

**«Даму» кәсіпкерлікіті дамыту қоры» АҚ**  
**Каржылық есептілікке ескертпелер**

**6 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)**

Төмендегі кестеде ХКЕС (IAS) 39 сәйкес алдындағы бағалау санаттары бойынша қаржылық активтердің тәнгерімдік құнын олардың 2018 ж. 1 қантарға ХКЕС (IFRS) 9 көшкен кезде қабылданған жаңа бағалау санаттарымен салыстыру келтіріліп отыр:

	ХКЕС (IAS) 39 сәйкес тәнгерімдік құны (2017 ж. 31 желтоқсан кезеңінің сонына қалдық)		Өсер етуі		ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес тәнгерімдік құны (2018 ж. 1 қантар кезеңінің басына қалдық)	
	Бағалау санаты	XKЕС (IAS) 39	XKЕС (IFRS) 9	Кайта бағалау	Кайта жіктеу	
(қазақстандық мың теңгеде)				Күтілетін несиелік шығындар	Өзге Міндетті Ерікті	
<b>Ақшалай қаражаттар жөне ақшалай қаражаттардың баламалары</b>	Қарыздар жөне дебиторлық берешек	Амортизацияла нган құны бойынша бағаланатын	44,074,930	(2,119)	-	44,072,811
Қарыздық бағалы қағаздарға инвестициялар	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша (анықтама бойынша) бағаланатын	2,659,323	-	-	2,659,323
Қарыздық бағалы қағаздарға инвестициялар	Сатуға арналған қолда барлары	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	567,017	(7,326)	-	567,017
<b>Қарыздық бағалы қағаздарға инвестициялардың жины</b>			3,226,340	(7,326)*	-	3,226,340
<b>Қаржы мекемелеріндегі қаржат</b>	Қарыздар жөне дебиторлық берешек	Амортизацияла нган құны бойынша бағаланатын	225,578,278	(3,047,997)	-	222,530,281
<b>Клиенттерге несиелер жөне алғытөлемдер</b>	Қарыздар жөне дебиторлық берешек	Амортизациял аңган құны бойынша бағаланатын	3,324,539	(93,692)		3,230,847
Өзге қаржылық активтер	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Амортизацияла нган құны бойынша бағаланатын	63,637	-	-	63,637
Өзге қаржылық активтер	дебиторлық берешек н	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын (міндетті)	25,193,064	-	-	25,193,064
<b>Өзге қаржылық активтер жины</b>			25,255,701	-	-	25,255,701
<b>Қаржылық активтер жины</b>			301,460,788	(3,143,808)	-	298,316,980

## **6 Жаңа есеп қагидалары (жалғасы)**

\* ХҚЕС (IFRS 9) сәйкес, сатуға арналған қолда бар активтер бойынша резервтер осы активтердің тенгерімдік құнын азайтпайды және пайдалар мен шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Қаржылық міндеттемелерге қатысты ешқандай елеулі өзгерістер күтілмейді.

Жаңа стандарт сонымен қатар ақпаратты ашуға кеңейтілген талаптарды және көрсетудегі өзгерістерді енгізеді. Қордың қаржылық құралдары туралы ақпаратты ашудың сипаты мен көлемдері, әсіресе жаңа стандарт қабылданған жылы айтарлықтай өзгереді деп күтіледі.

**ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» (2014 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді.** Жаңа стандарт осыған сәйкес түсім тауарлар немесе қызметтер сатып алушыға мәміле бағасы бойынша берілген кезде мойындалуға тиіс маңызды қагиданы енгізеді. Тауарлардың немесе қызметтердің кез келген жекелеген топтамалары бөлек мойындалуға, ал барлық шартты бағадан барлық женілдіктер және ретроспективалық женілдіктер, әдетте, жекелеген элементтерге бөлінеді. Егер өтеге мәлшері қандай да себеппен өзгерсе, егер олар сторнациялаудың елеулі тәуекеліне ұшырамаса, минималды сомаларды мойындау керек. Сатып алушылармен шарттарды қамтамасыз етумен байланысты шығындар осының бойында шарттан пайдаларды тұтыну жүретін мерзімге капиталдандырылуға және амортизациялануға тиіс. Қазіргі таңда Қор осы жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігін бағалауды жүргізіп отыр, бұл ретте елеулі ықпал ету күтілмейді.

**ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» (2016 жылғы 13 қаңтарда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді).** Жаңа стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, көрсету және ашу қагидаларын белгілейді. Барлық жалдау шарттарын жалдаушының жалдау шарты күшіне енген сәттен бастап активті пайдалану құқығын алуына, сондай-ақ, егер жалдау төлемдері уақыт кезеңінің бойында жүргізілсе, қаржыландыру алуына келтіреді. Осыған сәйкес, ХҚЕС (IFRS) 16 бұл ХҚЕС (IAS) 17 қарастырылатында, жалдауды операциялық немесе қаржылық ретінде жіктеудің күшін жойып, мұның орнына жалдаушылар үшін жалдау операцияларын есепке алуың бірыңғай моделін енгізеді. Жалдаушылар: (а) жалдау нысанының құны шамалы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, күшінде болу мерзімі 12 айдан асатын барлық жалдау шарттарына қатысты активтерді және міндеттемелерді мойындауға және (б) пайдалар мен шығындар туралы есептерде жалдау нысандарының амортизациясын жалдау міндеттемелері бойынша пайыздардан бөлек мойындауға тиіс болады. Жалға берушіден жалға алуы есепке алуға қатысты, ХҚЕС (IFRS) 16, түтеп келгенде, есепке алуға ХҚЕС (IAS) 17 қарастырылған талаптарды сақтайды. Осылайша, жалға беруші жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеуін және, тиісінше, оларды есептілікте әртүрлі көрсетуін жалғастырады. Қазіргі таңда Қор осы жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігін бағалауды жүргізіп отыр, бұл ретте елеулі ықпал ету күтілмейді.

**ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (2017 ж. 18 мамырда шығарылған және 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді).** ХҚЕС (IFRS) 17 компанияларға сақтандыру шарттарын есепке алуың қазірде қолданылатын тәжірибелін қолдануға рұқсат еткен ХҚЕС (IFRS) 4 алмастырады. Демек, инвесторларға ұқсас сақтандыру компанияларының езге қатынастарында қаржылық нәтижелерді салыстыру және салғастыру қыын болған болатын. ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандырушыда бар қайта сақтандыру шарттарын қоса отырып, сақтандыру шарттарының барлық түрлерін есепке алуың бірыңғай, қагидаларга негізделген стандарты болып табылады. Осы стандартқа сәйкес, сақтандыру шарттарының топтарын мойындау және бағалау бұған шарттардың тобы бойынша (ii) бөлінбеген пайданың сомасы (шарттар бойынша сервистік маржа) қосылатын (егер құн міндеттеме болып табылса) немесе одан шегерілетін (егер құн актив болып табылса), бақыланатын нарықтық ақпаратқа сәйкес келетін, шарттарды орындау бойынша ақша ағындары туралы бүкіл бар болып отырған ақпарат осында ескерілген тәуекелді ескере отырып түзетілген болашақ ақша ағындарының (шарттарды орындау бойынша ақша ағындары) (i) келтірілген құны бойынша жүргізілуге тиіс. Сақтандырушылар осының кезінде олар сақтандыру өтегін беретін кезең ішінде және тәуекелден босануға қарай шарттар тобынан пайданы көрсететін болады. Егер шарттар жоюы шығынды болып табылса немесе шығынды бола бастаса, үйым шығынды бірден көрсететін болады. Қазіргі таңда Қор осы жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігін бағалауды жүргізуде, бұл ретте елеулі ықпал ету күтілмейді.

**KPMFO (IFRIC) 22 – Шетел валютасымен операциялар және өтемпүлді альфытөлем төлеу (2016 ж. 8 жетекшісінде шығарылған және 2018 ж. 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Түсіндірме шетел валютасымен альфытөлем нәтижесінде туындаған ақшалай емес активті немесе ақшалай емес міндеттемені мойындау тоқтатылған кезде тиісті активті, шығысты немесе кірісті (немесе олардың бөлігін) бастапқы мойындаған кезде пайдаланылатын валюта бағамын анықтау мақсатымен, операция күнін анықтау туралы мәселені реттейді. ХҚЕС (IAS) 21 сәйкес, тиісті активті, шығысты немесе кірісті (немесе олардың бөлігін) бастапқы мойындаған кезде пайдаланылатын валюта бағамын анықтау мақсатымен, операция күні – бұл үйым шетел валютасымен альфытөлем нәтижесінде туындаған ақшалай емес активті немесе ақшалай емес міндеттемені бастапқыда есепке алуға қабылдайтын құн. Алғытөлем шартымен жүргізілген бірнеше төлемдер немесе түсімдер болған жағдайда, үйымға алдын ала төлеу шартымен жүргізілген әрбір төлемнің немесе түсімнің күнін анықтау қажет. KPMFO (IFRIC) 22 тек үйым шетел валютасымен альфытөлем нәтижесінде туындаған ақшалай емес активті немесе ақшалай емес міндеттемені мойындаған жағдайларда арналған тәжірибелі нұсқаулықты қамтыймайды. Жалпы жағдайда алғытөлем шарттарымен

## **6 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)**

жүргізілген төлем немесе өтемақы түсімі ақшалай емес активті немесе ақшалай емес міндеттемені мойындаға алып келеді, алайда олар да ақшалай активтің немесе міндеттеменің пайда болуына алып келуі мүмкін. Нақты есепке алу нысанының ақшалай немесе ақшалай емес болып табылатындығын табылмайтындығын анықтаған кезде, ұйымға кәсіби пікірді қолдану қажет болуы мүмкін. Қазіргі таңда Қор осы жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігін бағалауды жүргізіп отыр, бұл ретте елеулі ықпал ету күтілейді.

**KPMFO (IFRIC) 23 «Пайдага салынатын салықты көрсеткен кездегі екіштылық» түсіндірме (2017 ж. 7 маусымда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін құшіне енеді).** ХКЕС (IAS) 12 ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты есепке алу бойынша нұсқаулықты қамтиды, бірақ екіштылықтың әсерін қалай көрсету керектігі туралы ұсыныстарды қамтымайды. Түсіндірmede пайдага салынатын салықты көрсетуде екіштылық болған кезде ХКЕС (IAS) 12-де мойында және бағалау талаптарын қалай қолдану керектігі нақтыланады. Ұйым қандай амалдың екіштылықтың шешілуйін ең жақсы болжауға мүмкіндік беретіндігіне байланысты, салық есебінің екіштылығының әрбір жағдайын жеке немесе екіштылықтың бір немесе бірнеше басқа жағдайларымен бірге қарастыру керектігін шешуге тиіс. Ұйым салық органдарының олар тексеруге құқылы сомаларды тексеруді жүргізетіндігі және тексеру жүргізген кезде тиісті ақпаратқа қатысты білімдердің бүкіл толықтығына ие болатындығы туралы болжамды негізге алуға тиіс. Егер ұйым салықты көрсеткен кезде осыған қатысты екіштылық бар болып отырган нақты мәселе бойынша салық органдарының шешім қабылдауының аз ықтималдығы туралы қорытЫндыға келсе, екіштылықтың шешілуйін болжуға үшін ұйымның қандай әдісті ең жарамды деп санайтындығына байланысты, екіштылықтың нәтижелері әлде ең ықтимал мәнді, әлде күтілетін мәнді пайдалану арқылы, тиісті салық салынатын табысты немесе шығынды, салық базаларын, пайдаланылмаған салық шығындарын, пайдаланылмаған салық женілдіктерін немесе салық мөлшерлемелерін анықтауда көрсетілетін болады. Ұйым деректердің немесе жағдаяттардың өзгеру әсерін немесе осыларды пайдалану түсіндірмеге сәйкес бағалау мәндерінің өзгеруі ретінде қажет болатын пікірлерге немесе бағалау мәндеріне әсер ететін жаңа ақпараттың пайда болу әсерін көрсетеді. Деректердің немесе жағдаяттардың немесе пікірлердің немесе бағалаулардың қайта қарастырылуына алып келетін жаңа ақпараттың өзгерулерінің мысалдары оның ішінде, бірақ мұнымен шектеліп қалмай, салық органдарының тексерістерін немесе іс-әрекеттерін, салық органдары белгілеген ережелердің өзгерулерін немесе салық органдарының пайдага салынатын салықты көрсету бойынша нақты мәселе таралап тексеруге үшін қарастырылуына нақты мәселе бойынша келісімнің болмауы немесе салық органдарының жекелеген шешіммен келіспеуі, тәрізді, түсіндірмеге сәйкес пікірлерге және бағалау мәндеріне әсер ететін деректер мен жағдаяттардың немесе жаңа ақпараттың өзгеруі болып келмейді. Қазіргі таңда Қор осы жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігін бағалауды жүргізіп отыр, бұл ретте елеулі ықпал ету күтілейді.

Төменде тізіп көрсетілген өзге жаңа есеп қағидаларының қабылдануы Қорға елеулі ықпалын тигізбейді деп күтілуде:

- ХКЕС (IFRS) 10 және ХКЕС (IAS) 28 – Инвестор мен оның қауымдастан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтердің сатылуы немесе енгізілуі түзетулер (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ХКЕС бойынша Кеңес анықтайтын күнге немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін құшіне енеді);
- ХКЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» түзетулер (2016 жылғы 12 сәуірде шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін құшіне енеді);
- ХКЕС (IFRS) 2 «Акцияларға негізделген төлем» түзетулер (2016 жылғы 20 маусымда шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін құшіне енеді);
- ХКЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» түзетулер (2016 жылғы 12 қыркүйекте шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін құшіне енеді);
- Инвестициялық жылжымайтын мулікті санаттан санатқа көшірuler» – ХКЕС (IAS) 40 түзетулер (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін құшіне енеді);
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының жыл сайынғы жақсартулары, 2014-2016 жж. – ХКЕС (IFRS) 1 және ХКЕС (IAS) 28 түзетулер (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін құшіне енеді).

## 6 Жаңа есеп қағидалары (жалғасы)

- Теріс өтеуді болжайтын мерзімінен бұрын өтеудің сипаттамалары - ХКЕС (IFRS) 9 түзетулер (2017 жылғы 12 қазанда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қауымдастан ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға қатысадын ұзақ мерзімді үлестері - ХКЕС (IAS) 28 түзетулер (2017 жылғы қазанда шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгесі көрсетілмеген болса, осы жаңа стандарттар және түсіндірмелер Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі.

## 7 Ақшалай қаражат және оның баламалары

(казақстандық мың теңгеде)	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Банк шоттарындағы талап етілетін қалдықтар КРҰБ шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден өзге) Кассадағы ақшалай қаражат	25,382,470 18,692,460 -	40,790,450 3,235,283 1,281
<b>Ақшалай қаражаттары және олардың баламаларының жиыны</b>	<b>44,074,930</b>	<b>44,027,014</b>

Банк шоттарындағы талап етілетін қалдықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъекттерін субсидиялау үшін алынған қаражаттарды қамтиды. 15 Ескертпені қараңыз.

Темендері кестеде 2017 ж. 31 желтоқсанға және 2016 ж. 31 желтоқсанға жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингінің негізінде ақшалай қаражаттарды және олардың баламаларын несиелік сапа бойынша талдау көрсетілген:

(казақстандық мың теңгеде)	2017 жылғы 31 желтоқсан			2016 жылғы 31 желтоқсан		
	Міндетті резервтер ді қоса, КРҰБ шоттар бойынша қалдықтар	Банк шоттары	Жиыны	Міндетті резервтер ді қоса, КРҰБ шоттар бойынша қалдықтар	Банк шоттары	Жиыны
<b>Мерзімі өтпеген және қуны жойылмаған</b>						

- Қазақстан Республикасың Ұлттық Банкі BBB- және BBB+	18,692,460	-	18,692,460	3,235,283	-	3,235,283
аралығындағы рейтингпен	-	-	-	-	3,089	3,089
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	-	17,467,271	17,467,271	-	11,166,130	11,166,130
- B- және B+ аралығындағы рейтингпен	-	7,901,143	7,901,143	-	29,612,683	29,612,683
- CCC- бастап CCC+ дейін рейтингпен	-	13,454	13,454	-	67	67
- рейтингі жоқ	-	602	602	-	8,481	8,481

<b>Кассадағы ақшалай қаражатты қоспағандағы акшалай қаражаттар мен олардың баламаларының жиыны</b>	<b>18,692,460</b>	<b>25,382,470</b>	<b>44,074,930</b>	<b>3,235,283</b>	<b>40,790,450</b>	<b>44,025,733</b>
--	-------------------	-------------------	-------------------	------------------	-------------------	-------------------

2017 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша «CCC» рейтингпен банк шоттарындағы талап етілетін қалдықтар «Bank RBK» АҚ-дағы банк шоттарындағы талап етілетін қалдықтар болып келеді (2016 ж.: 67 мың теңге). Қорбасшылығы оларды толық шамада қайтарылмалы деп есептейді.

## **7 Ақшалай қаражат және оның баламалары (жалғасы)**

Несиелік рейтинг Standard & Poor's агенттігінің рейтингіне (осы рейтинг болған жағдайда) немесе Moody's агенттігінің Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын баламалы мәнге дейін айырбасталатын рейтингіне негізделген.

«ССС» рейтингпен және төмен рейтингпен ақшалай қаражаттар және рейтингі жоқ қаражаттар шағын және орта кәсіпкерлік субъекттерін субсидиялау үшін алынған және коммерциялық банктерде орналастырылған қаражаттар болып келеді. Оларды толық көлемде қайтарылмалы деп санамайтындықтан, Қор басшылығы осы қаражаттардың құнсыздануына резерв құрмады.

Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының әділ құнына қатысты 30 Ескертпені қараңыз. Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының пайыздық мөлшерлемелерін талдау 27 Ескертпеде көрсетілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 32 Ескертпеде көрсетілген.

## **8 Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар**

(қазақстандық мың тенге де)	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік облигациялар	1,479,517	3,717,475
Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	1,179,806	2,352,106
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздар жиыны</b>	<b>2,659,323</b>	<b>6,069,581</b>

Қордың сауда-саттық портфелінің бөлігі болып табылмайтын, жоғарыда атап көрсетілген бағалы қағаздарды бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін бағалы қағаздар ретінде кері шақырып алынбайтын ретпен жіктеді. Мұндай бағалы қағаздар инвестициялық саясатта құжат түрінде белгіленген стратегияға сәйкес әділ құны бойынша басқарылады және бағаланады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардың санатына жатқызылған бағалы қағаздар сондай-ақ несиелік тәуекел себеп болған есептен шығаруларды көрсететін әділ құны бойынша көрсетіледі.

Төменде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды 2017 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша несиелік сапасы бойынша талдау келтіріліп отыр:

(қазақстандық мың тенге де)	Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	Корпоративтік облигациялар	Жиыны
Мерзімі өтпеген және құны жойылмаған BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	1,479,517	-	1,479,517
- В- және B+ аралығындағы рейтингпен	-	1,179,806	1,179,806
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділпетті құны бойынша бағаланатын, мерзімі өтпеген және құны жойылмаған борышқорлық құнды қағаздар жиыны</b>	<b>1,479,517</b>	<b>1,179,806</b>	<b>2,659,323</b>

## «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Каржылық есептілікке ескертпелер

### **8 Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар (жалғасы)**

Төменде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды 2016 жылғы 31 желтоқсанға жағдай бойынша несиелік сапасы бойынша талдау келтіріліп отыр:

(қазақстандық мың тенге деңгеде)	Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	Корпоративтік облигациялар	Жиыны
Мерзімі өтпеген және құны жойылмаған			
BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	2,352,106	-	2,352,106
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	-	2,468,232	2,468,232
- B- және B+ аралығындағы рейтингпен	-	1,249,243	1,249,243
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділетті құны бойынша бағаланатын, мерзімі өтпеген және құны жойылмаған борышқорлық құнды қағаздар жиыны</b>	<b>2,352,106</b>	<b>3,717,475</b>	<b>6,069,581</b>

Несиелік рейтинг Standard and Poor's агенттігінің рейтингіне немесе Moody's агенттігінің Standard and Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын баламалы мәнге дейін айырбасталатын рейтингіне негізделген. Осының өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын ешқандай да қаржылық активтер мерзімі өтіп кеткен болып табылмайды. Борыштық бағалы қағаздар қамтамасыздандыруға ие емес.

